

# Облыс Әкімінің интернет-порталы жаңарды

28 мамыр 2012 | 14:05 | Қоғам | Қаралған: 2426 | Пікірлер: 0



Жыл сайын ғаламторды пайдаланушы қазақстандықтардың саны өсіп келе жатыр. Ақпараттық технологияны дамытуға мемлекеттік деңгейде де үлкен көңіл бөлінуде. Осы орайда елімізде электрондық үкімет жобасын алғашқылардың бірі болып қолға алған біздің облыс болатын. Облыс Әкімінің интернет-порталы тағы да жаңартылып, жаңа нұсқасының тұсаукесері болып өтті.



Жалпы, облыс Әкімінің интернет-порталы алғаш рет ғаламтор желісінде 2005 жылдың мамыр айында [akimvko.gov.kz](http://akimvko.gov.kz) доменімен пайда болған еді. Портал сол жылдары жергілікті атқарушы органдардың ресурстарына қойылатын барлық талаптарға толық жауап беретін. Облыс Әкімінің интернет-порталы еліміздегі ең жоғары балға ие ресурстардың бірі ретінде көш бастап келді. Порталдың қызметіне ай сайын 40 мыңнан астам адам жүгінеді екен. Облыс Әкімінің интернет-порталына тек 2011 жылдың қаңтары аралығы мен 2012 жылдың қаңтары аралығында 300 мыңнан астам пайдаланушылар кіріпті.

Десе де уақыттың бір орында тұрмайтыны белгілі. Мұнымен қатар интернеттің игілігін пайдаланушылардың қатары күн сайын еселеп өсіп келе жатыр. Осы орайда мемлекеттік мекемелердің интернет-порталдарының да заман сұранысына сай өзгеріп, жаңарып отыруы заңды құбылыс. Мұны өз сөзінде облыс Әкімі аппараты жетекшісінің орынбасары Сергей Мұбараков та ерекше атап айтты. «Мемлекеттік билік органдарының қызметі туралы ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігі – еліміздегі азаматтық қоғамның бірден-бір айқын белгілерінің бірі» деді ол.

Ал облыс Әкімінің жаңа порталының ерекшелігі неде?

Облыс Әкімі аппаратының ақпараттық технология және мемлекеттік қызмет көрсету мониторингі бөлімінің меңгерушісі міндетін атқарушы Марина Гагаринаның айтуынша, жаңа порталды жасауда оның дизайнын өзгерту ғана емес, мәліметтердің біртұтас жүйесін құру мәселесі басты негізге алыныпты. Портал бойынша ақпарат іздеу жүйесі барынша жетілдірілген. Бұл тұрғындарға түрлі қызмет түрін ұсыну үшін өте ыңғайлы болмақ. Осы сайт арқылы облыста болып жатқан жаңалықтарды да көру мүмкіншілігі бар. Ескі нұсқасына қарағанда мұнда өзіңе қажет ақпаратты жылдам, әрі оңай таба аласың. Жаңа нұсқаны жасап шығарғандардың айтуынша, бұл халық үшін жасалған игі шаралардың бастамасы ғана. Енді ғаламтор пайдаланушылар өңірдегі мемлекеттік мекемелер, олардың ұсынатын қызметі жайында өзіне қажетті мәліметтерді қиналмай-ақ тауып алатын болады. Сондай-ақ порталдың жаңа нұсқасындағы мемлекеттік мекемелер туралы ақпараттарға мемлекеттік мекемелердің жауапты мамандары өзгертулер енгізіп, еңдеп, жаңарта алады.

Бір атап айтарлығы, порталдың жаңа нұсқасын жасаған «Восток-он-лайн» компаниясы керінеді. Тұсаукесерге жиналғандарға аталған компанияның өкілі Антон Добромыслов жаңа порталдың қызметі туралы егжей-тегжейлі баяндап берді. «Облыс Әкімінің интернет-порталының жаңа нұсқасының артықшылығы кеп. Жаңа портал еліміздегі мемлекеттік мекемелердің интернет ресурстарында қолданылатын мүлде жаңа стандарт бойынша жасалды» дейді ол.

**Мейрамтай Иманғали**